

Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 404 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 31 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.01.2016 № 31 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 692 бұйрығын қараңыз.

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 91-бабының 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесі бекітілсін.

2. "Адамдардың бала асырап алуына, оны қамқоршылыққа (қорғаншылыққа), патронатқа алуына болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 маусымдағы № 842 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 28, 272-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 3 0 н а у р ы з д а ғ ы
№ 4 0 4 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа , патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы

1. Адамның жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы (ЖИТС) және адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ).
2. Психикалық аурулар, АХЖ-10 бойынша кодтары F00-F79, күйзеліске және соматоньсандық бұзылуға байланысты невроздықтан басқа АХЖ-10 бойынша к о д т а р ы F 4 0 - F 4 8 .
3. Маскүнемдік, нашақорлық, уытқұмарлық.
4. Туберкулез (бактерия бөлетін созылмалы, алғаш рет анықталған, бацилла бөлетін (абацилирлеу сәтіне дейін).
5. Негізінен жыныстық жолмен берілетін аурулар (емделмеген мерез, емделмеген соз, емделмеген урогениталды хламидиоз).
6. Алапес, АХЖ-10 бойынша кодтары А30.0-А30.9.
7. Біріктіруші тіндердің бүлінуінің ауыр сырқаттары (жүйелі қызыл жегі, жүйелі склеродермия, дерматомиозит).
8. Ороговенияның бұзылуымен ауыр дерматоздар (ихтиоздардың ауыр нысандары, ихтиозонысанды эритродермия, артропатиялық псориаз).
9. Ауыр созылмалы буллездік дерматоздар (акантолиздік көпіршік, пемфигоид, терінің ихтиозонысанды зақымдануы, буллездік эпидермолиз).
10. Медициналық қорытындының негізінде үнемі күтім мен көмекке мұқтаждыққа әкеп соқтырған аурулар.